

МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТЕКШІ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ БІРІ – Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ БІЛІМ БЕРУ САЯСАТЫ БЕЛСЕНДІ ТҮРДЕ ЖҮЗЕГЕ АСУДА. ОҚУ ОРНЫ ДАЙЫНДАП ОТЫРҒАН МАМАНДЫҚТАРДЫҢ ІШІНДЕ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ МАМАНДЫҒЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ ЕРЕКШЕ. ӨЙТКЕНІ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ПСИХОЛОГ МАМАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ КҮННЕН КҮНГЕ АРТЫП КЕЛЕДІ. АДАМ ЖАНЫҢ ТҮСІНЕ БЛУ, ОНЫ ЗЕРТТЕЙ БЛУ – ҮЛКЕН ӨНЕР. ЖАҢАДАН ҚАБЫЛДАНҒАН СТУДЕНТТЕР ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ МАМАНДЫҒЫНЫҢ ҚЫР-СЫРЫН ҮЙРЕНЕ БАСТАЙДЫ. «МАМАНДЫҒЫМ–МАҚТАНЫШЫМ» ДЕЙ ОТЫРА, СОЛ МАМАНДЫҚТЫ ТЕРЕҢ МЕҢГЕРІП, ШЫҒЫНА ТАЛПЫНАТЫН БОЛАДЫ.

Педагог-психолог – мектептерде және колледждер, техникалық мектептер, даму орталықтары, балабақшалар және әлеуметтік қызметтер сияқты басқа да білім беру мекемелерінде балалар мен жасөспірімдермен жұмыс істейтін маман. Олар оқушыларға бейімделуге, топқа сіңісуге, емтихандар алдындағы стресті жеңілдетуге және болашақ мамандығын таңдауға көмектеседі.

Қажет болған жағдайда оқушылармен, ата-аналармен және мұғалімдермен жұмыс істейді. Мысалы, білім беру психологі оқушы мен мұғалім арасындағы қақтығыстарды шешуге көмектеседі. Егер олар оқушының оқу үлгерімінің төмендеуіне себепші болса, дисфункцияға байланысты деп санаса, олар ата-аналармен сөйлесіп, ұсыныс жасайды.

Педагог-психологтің негізгі мақсаты – әрбір оқушының әлеуетін барынша дамыту үшін жағдай жасау және бүкіл білім беру процесінің тиімділігін арттыру.

Педагог-психологтің қосымша мақсаттары мен міндеттері:

- оқушылардың психосоциалдық жағдайын үйлестіру;
- сыныптарда және оқытушылар құра-

мында салауатты психологиялық атмосфера құру;

- балаларға және мұғалімдерге бейімделу және әлеуметтенуде көмектесу;

- оқушылардың ата-аналарымен байланысып, баланы қолдау бойынша ұсыныстар әзірлеу;

- қамқорлықтағылардың құқықтарын нормативтік құжаттарға, мысалы, Білім туралы заңға негіздеп қорғау;

- алдын алу, дамыту және түзету шараларын әзірлеу және енгізу.

Сонымен қатар білім беру психологтері оқушыларының физикалық және әлеуметтік әл-ауқатына үлес қосады. Олар тек балаларды ғана емес, сонымен қатар олардың дамып келе жатқан ортасын да зерттейді. Теріс факторларды анықтайды және оларды шешу бағдарламасын жасайды.

Педагог-психолог мамандығын меңгеру үшін білім беру бағдарламасында жалпы психология, практикалық психология, жеке ерекшелік психологиясы, әлеуметтік психология, психологиялық кеңес беру т.б пәндері енгізілген.

Университетімізде оқыған студенттерге барлық жағдай жасалған. Студенттер үйін-



де тұруға, академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында шетелде және басқа қалаларда білім алуға, ғылыммен айналысуға, беделді мекемелерде тәжірибеден өтуге мүмкіндік бар.

Жаныңыз осы мамандықты қаласа, біздің университетке оқуға түсе аласыз. Педагог-психолог мамандығын игеруге ғалымдарымыз бен білікті оқытушыларымыз көмектеседі. Оқу орнын аяқтаған жас маман білім беру саласындағы мемлекеттік және жеке меншік ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігі бар. Педагог-психолог маманға адам психикасының қалай жұмыс істейтінін және оның жұмысына қалай әсер етуге болатынын түсіну оңайырақ. Сондай-ақ әр түрлі жастағы адамдармен жұмыс істеу құқығын пайдалана отырып, алдын ала психологиялық диагностика жүргізе алады және алдын алу және түзету жұмыстары арқылы тұлғаның психологиялық дамуы мен қалыптасу ерекшеліктері туралы анықтай алады.

**Манет ЖАНГОЗИЕВА,**

аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті.

«Меритократия: кәсібилікке бастар жол»

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы меритократия қағидатын дамытуды көздейді.

Аталған бағдарлама, мемлекеттік қызметке іріктеу және еңбек сіңірген, құзыреті және кәсіби дағдылары бойынша қызмет бабында ілгерілетуді жүзеге асырады.

Бұл нағыз лайықты адамдарды анықтау әдістерін жетілдіру – адам ресурстарымен жұмыс істеу тәсілдерін жан-жақты қайта қарауды талап ететін мәселе.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті кадрлық ілгерілеу мониторингін тұрақты түрде жүргізіп отырады.

Мәселен, статистикалық деректерге сәйкес 2025 жылдың қорытындысы бойынша бос орындарға жарияланған ішкі конкурстар нәтижесінде 116 мемлекеттік қызметші тағайындалған, олардың ішінде 94-і бұрын төменгі лауазымдарды атқарды. Демек, Маңғыстау облысының жергілікті атқарушы органдарында меритократия үлесі айтарлықтай жоғары.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңның 29-бабының 1-4-тармақтарына сәйкес жергілікті атқарушы орган және (немесе) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган өткізетін ішкі конкурстар осы облыстың жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын барлық жергілікті атқарушы органдардың және (немесе) атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілері де қатысуға құқылы.

Мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамаға енгізілген өзгерістер меритократия қағидаттарын одан әрі жан-жақты іске асыруды көздейді.

Бүгінде мансаптық ілгерілеу заңнамадағы жаңа түзетулердің, олардың жұмысын бағалау қорытындысы бойынша тиімді мемлекеттік қызметшілер лауазымын жоғарылатудың арқасында да мүмкін болды.

Егер бұрын тоқсан сайынғы бағалау нәтижелері бонустар төлеу, көтермелеу, оқыту, ротациялау, мемлекеттік лауазымын төмендету не жұмыстан шығару бойынша негіз болса, сонымен қатар бағалаудың оң қорытындысы мемлекеттік орган ішінде неғұрлым жоғары лауазымға көтерілу үшін негіз болды.

Мысалы, нәтижелі қызмет атқарғаны үшін Жаңаөзен қаласы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметінің бас инспекторы Чуганова Алия Узакбаевна бағалау қорытындысы бойынша жоғары тұрған лауазымға тағайындалды.

Сондай-ақ Тажибаев Нуржан Курмангазыевич Ақтау қаласы әкімі аппаратының ұйымдастыру-бақылау бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалды.

Мемлекеттік қызметте басқаруға лайықты, біліктілігі жоғары, кәсіби мамандардың келуін көздейтін меритократия қағидатын жетілдірудің ерекше маңыздылығын атап өткен жөн. Аталған бағыт бойынша агенттіктің аумақтық департаментімен жұмыстар жүйелі түрде жүргізілетін болады.

**Тоқтамыс ЖҰМАҒҰЛОВ,**

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ (ШЖК) «ҚАРАҚИЯ ОРТАЛЫҚ АУДАНЫҚ АУРУХАНАСЫ» МКК БАЙҚАУ КЕҢЕСІ КОМИССИЯСЫНЫҢ МҮШЕСІ КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ.

БАРЛЫҚ КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ:

Медицина саласында жоғары білім. Экономика/қаржы және несиелі/құқық/бизнес өкімшілендіру саласында екінші жоғары білімінің болуы немесе «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Денсаулық сақтау менеджменті», «Менеджмент» немесе «Медицина» (2011 жылға дейін ғылыми-педагогикалық магистратурада оқуын аяқтаған адамдар үшін), «Бизнес өкімшілендіру», «Іскерлік өкімшілендіру», «Экономика», «Қаржы және кредит» мамандықтары бойынша магистр дәрежесінің болуы. Денсаулық сақтау саласында басшылық лауазымдарда кемінде 2 жыл еңбек өтілінің болуы немесе экономика/қаржы және кредит/құқық/бизнес өкімшілендіру саласында жоғары білімінің және «Қоғамдық денсаулық сақтау» немесе «Денсаулық сақтау менеджменті» мамандықтары бойынша магистр дәрежесінің болуы. Денсаулық сақтау саласында басшылық лауазымдарда кемінде 2 жыл еңбек өтілінің болуы;

БІЛУІ КЕРЕК:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіні, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіні, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексіні, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңдарын, денсаулық сақтау мәселелеріне арналған нормативтік-құқықтық актілерді, халық денсаулығы жағдайының статистикасын, халық денсаулығының жағдайын сипаттайтын өлшемдер мен көрсеткіштерді, медициналық қызметтер нарығының конъюнктурасын, отандық

және шетелдік медицинаның ғылыми жетістіктерін, денсаулық сақтауды басқару жүйесі мен денсаулық сақтауды ұйымдастырудың теориялық негіздерін, халық үшін санитарлық ағартуды, гигиеналық тәрбиелеуді және салауатты өмір салтын насихаттауды ұйымдастыруды, адамның өмір сүру ортасының факторларын, денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлық-экономикалық және қаржылық қызметтерінің негіздерін, қызметкерлердің еңбекақысын төлеу жүйесінің негіздерін, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

КОНКУРСҚА МЫНАДАЙ ТҮЛҒА ҚАТЫСА АЛМАЙДЫ:

- 1) он сегіз жасқа толмаған;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық-бұзушылық жасаған;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайлар.

КОНКУРСҚА ҚАТЫСУҒА НИЕТ БІЛДІРГЕН АДАМ ХАБАРЛАНДЫРУДА КӨРСЕТІЛГЕН МЕРЗІМДЕ КЕЛЕСІ ҚҰЖАТТАРДЫ ҰСЫНА АЛАДЫ:

- 1) Конкурсқа қатысу үшін өтініш;
- 2) Үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) Еркін формадағы өмірбаян;
- 4) Білімі туралы құжаттардың көшірмесі;
- 5) Еңбек кітапшасының (бар болса) немесе еңбек келісім шартының көшірмелері, еңбек шартын қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтардан үзінділер немесе жұмыс тәжірибесін растайтын басқа құжат. 2015 жылғы 23 қарашадағы

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) Бекітілген үлгі бойынша денсаулық туралы анықтама;

7) Қазақстан Республикасы бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің соттылығының жоқтығы туралы анықтама.

8) Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндемесі;

6. ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ КОНКУРСҚА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМДЕР БЕРУ УАҚЫТЫ:

Құжаттар ресми бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде қабылданады және мына мекен-жайға тапсыруы қажет: ҚР 130300, Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Құрық селосы, 2-шағын аудан, 2-ғимарат.

КОНКУРС ӨТКІЗУ КҮНІ: Құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде. Хабарлама телефон арқылы, электронды мекен-жайға және қатысушылардың ұялы телефондарына ақпарат жіберу арқылы жүзеге асырылады. Құжаттардың түпнұсқалары әңгімелесу басталғанға дейін бір сағаттан кешіктірілмей ұсынылуы тиіс. Егер олар ұсынылмаған болса, сұхбатасуға жіберілмейді.

КОНКУРС ӨТКІЗУ ОРНЫ: 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 3-шағын аудан, №100 ғимарат.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттардың тізімі және әңгімелесу кестесі ШЖК «Қарақия орталық аудандық ауруханасы» МКК сайтында орналастырылады.

АНЫҚТАМА ТЕЛЕФОНДАРЫ: 872937/ 21175, ЭЛЕКТРОНДЫ МЕКЕН-ЖАЙ: SRB-2009 @MAIL.RU

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАРДЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-нің 2026 жылға арналған эмиссиялар нормативтерінің жобалары түзету бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізуді жоспарлап отыр: «Жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы», «Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы», «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары», ұрғымаларды салуға арналған жұмыс және техникалық жобаларға қоршаған ортаны қорғау бөлімдері.

Ықпал ету аумағы: Қарақия ауданы, Жетібай кентінің, географиялық координаттары: 43.505430, 52.085169.

Қоғамдық тыңдаулар мына мекен-жай бойынша өтеді: «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-нің орталық инженерлік-технологиялық қызметінің ғимаратында, Қарақия ауданы, Жетібай кенті, мәжіліс залында қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Қоғамдық тыңдауды өткізу күні 2026 жылғы 3 наурыз күні сағат 11:00-де.

Қоғамдық тыңдауларға онлайн сілтеме бойынша қосылуға болады: <https://teams.microsoft.com/join/48363821120509?w=2f8e1HFS4Jhg6Tuy2u>

Конференция идентификаторы: 483 638 211 120 59

Кіру коды: 9NA7I3Zn

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 6-ш/а, №1 ғимарат, БСН: 990140000483, тел: 8(7292)215-515, 8(7292)215-337, e-mail: info@mng.kz.

Жобаны әзірлеуші: «ДИК Ойл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Санкыбай Батыр даңғылы, 74 «В» үй, БСН: 050240011714, тел: 8(705) 605-60-88, e-mail: Dik-oil@mail.ru;

«Экос» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Астана қ., Иманова көшесі, 9-үй, КБ-5, БСН: 950740001238, тел: 8(717) 221-22-21, e-mail: info@ecos.kz;

Жобалық құжаттама топтамасымен <https://ndbecology.gov.kz>, бірыңғай экологиялық порталда, <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru> жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында танысуға болады.

Қосымша ақпарат алу үшін электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі: g.aralbaeva@mng.kz, 8(7292) 215-574, Қ және ЕҚ, ҚОҚ департаменті, ҚО және ПГҚ қызметінің инженері – Аралбаева Гүлшара.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда <https://ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ әл.м/к Tabigat@mangystau.gov.kz, интернет-ресурсы <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru>; қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде мына мекен-жай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, Маңғыстау облысы, облыстық әкімдік, 14-ш/а, №1 ғимарат, жобалардың экологиялық сараптамасы бөлімінің бас маманы Базарбай Сабина. тел: 8(7292) 46-21-31 (1210).

БАСПАСӨЗ-2026

«МАҢҒЫСТАУ»

газетіне жазылу науқаны жүріп жатыр



«Халық» және «Каспий» қосымшасы арқылы онлайн жазылуға болады



Туған өлкеңіздің үнін жеткізетін – «Маңғыстау» газеті!

«МАҢҒЫСТАУ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ

Жазылу түрлері	Редакция арқылы жазылу бағасы	«Қазпошта» АҚ арқылы жазылу бағасы	Индекс
Заңды тұлғалар үшін 1 жылға	16 370,00	25 881,96	15492
Жеке тұлғалар үшін 1 жылға	8 185,00	12 947,52	65492

Бұл бос орын сіздің ЖАРНАМАҢЫЗҒА АРНАЛҒАН

ТЕЛЕФОН: 20-48-42